**Шадьярова Жазира Куспановнаның 6D073200 – Стандарттау және сертификаттау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ешкі сүт өнімдерін стандарттау үшін теориялық негіздерді әзірлеу» атты диссертациялық зерттеуіне ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес орындалған. |
| | | 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) | Диссертациялық жұмыс инициативалық тақырып аясында меншікті қаражат шеңберінде №0118РКИ0554 «Қауіпсіз сүт өнімдерін өндіру бойынша шараларды әзірлеу» тақырыбында орындалған. Жобаны іске асыру жылдары 2018-2020 жж. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған. | Автордың жеке үлесі жұмыстың теориялық және эксперименттік бөлігін жүзеге асырудан, әдеби деректерді талдаудан, ешкі сүтін пайдалану мүмкіндігін негіздеуде, жаңа йогурт жасауда және олардың тағамдық және биологиялық құндылығын анықтаудан тұрады. Автор ғылыми нәтижелерді қорытындылады және ғылыми жарияланымдар түрінде рәсімдеді, жасалған өнімдерге өндірістік сынақ жүргізді, нормативтік құжаттама жасалды. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары; | Автордың өзіндік үлесін ешкі сүтін пайдалану мүмкіндігін негіздеуден, жаңа йогурт жасауда және олардың тағамдық және биологиялық құндылығын анықтауынан көруге болады.<br>Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері өзара байланысқан, ішкі бірізділік сақталған, ғылыми аппаратымен диссертация мазмұны сәйкестендірілген.<br>Алынған қорытындылар мен ұсыныстары теориялық методологиялық негізге сүйене отырып, сенімді және нақты жазылған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген; | Аграрлық секторды дамыту өмір сүру сапасын арттырудың түйінді факторы болса, өмір сүру сапасын арттырудың ең маңызды факторы- халыққа стандартқа сай құнарлы табиғи өнім ұсыну.<br>Белгілі бір талаптарды қанағаттандыра |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | алмайтын өнім, адамға пайдалы болмасы анық. Тауарларды талаптарға сәйкестендіру, норма қалыптастыру алдымен өнер табыс нәтижесімен жаңартылып, кәсіпорын дәрежесінде өндіріліп, одан кейін мемлекеттік дәрежеде нормативтік құжат жүзінде бекітілуі керек. Қазақстанда ешкі шаруашылығы дамып келе жатқаны айқын, осыған орай бәсекеге қабілетті тауар түрлерін кеңейту және өнімге стандарт әзірлеу өзекті мәселе болып табылады. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) айқындайды; | Диссертацияның мазмұны жұмысқа сәйкес құрастырылған, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толық көрсетеді. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді; | Зерттеудің мақсаты мен міндеттері: Бәсекеге қабілетті ешкі сүтінен жасалған өнім түрлерін кеңейту, жасалған өнімге арналған ұйым стандартын жасау.<br>Зерттеудің міндеттері:<br>1. Ешкі сүті өнімдерінің нормативтік-құқықтық базасының қазіргі жағдайын талдау.<br>2. Қазақстандағы ешкі шаруашылығының дамуын талдау.<br>3. Ешкі сүтінен жаңа өнім технологиясын жасау.<br>4. Ешкі сүтінен жасалған құрма қосылған йогурттың микробиологиялық, органолептикалық, физика-химиялық көрсеткіштерін зерттеу.<br>5. Ешкі сүтінен алынған жаңа өнімге ұйым стандартын әзірлеу.<br>6. Жаңа өнімді өндіріске енгізуден экономикалық тиімділікті анықтау.<br>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін міндеттері толық отындалған және тақырыпқа сәйкес келеді. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан; | Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері өзара логикалық байланысқан, ішкі бірізділік сақталған, ғылыми аппаратымен диссертация мазмұны сәйкестендірілген. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен | Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырғанда бағаланады, зерттеу нәтижелері дәлелденеді, шетелдік және отандық ғалымдардың қазіргі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар; | зерттеулеріне сілтеме жасалды, сыни талдау бар.<br>«Ешкі сүтінен құрма қосылған йогуртын» алу тәсіліне «Пайдалы модель» патенті мен авторлық куәлігі алынды. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа; | Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.<br>1. Ешкі сүті өнімдерінің нормативтік-құқықтық базасының қазіргі жағдайы талданған.<br>2. Қазақстандағы ешкі шаруашылығының дамуы зерттелген.<br>3. Ешкі сүтінен жасалған жаңа өнім технологиясы жасақталған.<br>4. Ешкі сүтінен құрма қосылған йогурттың микробиологиялық, органолептикалық, физика-химиялық ғылыми негізделген мәліметтері бар.<br>5. «Ешкі сүтінен құрма қосылған йогурт» ұйым стандарты жасақталған және бекітілген.<br>6. «Агроөнеркәсіптік кешен Agribusiness» 107 ТК-нен техникалық сараптамасынан өткен.<br>7. Жаңа өнімді өндіріске енгізуден экономикалық тиімділігі көрсетілген.<br>8. Өндіріске ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу актісі бар.<br>9. «Құрма қосылған ешкі сүтінен жасалған йогурт тәсілі» пайдалы модельге патент алынған. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа; | Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа; | Мақсатқа жету үшін қолданылатын техникалық және технологиялық шешімдер толығымен жаңа, өйткені ешкі сүтінен сүтқышқылды өнім түрінің жаңа технологиясы жасалған. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген | Барлық негізгі тұжырымдар эксперименттік жұмысты талдау кезінде алынған зерттеулердің нәтижелерінен туындайды, ғылыми негізделген, шетелдік және отандық әдебиет көздеріне сілтеме жасай отырып дәлелдемелерде негізделген. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>7.2 Тривиалды ма?<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия; | Қорғауға шығарылатын нәтижелер.<br>1. Ешкі сүті өнімдерінің нормативтік-құқықтық базасының қазіргі жағдайы.<br>2. Қазақстандағы ешкі шаруашылығының дамуы.<br>3. Ешкі сүтінен жасалған жаңа өнім технологиясы.<br>4. Ешкі сүтінен құрма қосылған йогурттың микробиологиялық, органолептикалық, физика-химиялық ғылыми негізделген мәліметтері.<br>5. «Ешкі сүтінен құрма қосылған йогурт» ұйым стандарты.<br>6. «Агроөнеркәсіптік кешен Agribusiness» 107 ТК-нен техникалық сараптамасы.<br>7. Жаңа өнімді өндіріске енгізуден экономикалық тиімділігі.<br>8. Өндіріске ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу актісі.<br>9. «Құрма қосылған ешкі сүтінен жасалған йогурт тәсілі» пайдалы модельге патент.<br>Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері 7 ғылыми еңбекте, оның ішінде 1 - SCOPUS деректер базасына кіретін журналда, 36 процентильмен, 3 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 3 - Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланған. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) ия; | Зерттеу әдіснамасын таңдау негізделген және диссертацияның тиісті бөлімінде толықтай сипатталған. Диссертациялық жұмыста зерттеудің заманауи әдістері мен зерттеудің жалпы қабылданған әдістері қолданылған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия; | Зерттеу жүргізу барысында құрма қосылған йогурт өнімінің сапасын кешенді бағалау кезінде микробиологиялық, органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерді, тағамдық құндылықтар мен қауіпсіздік көрсеткіштерін зерттеудің жалпы стандартты және арнайы әдістері қолданылған.<br>Диссертациялық жұмыста статистикалық деректерді талдаудың компьютерлік технологияларын қолдану деректерді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жоқ | өңдеу және интерпретациялау байқалмайды, бірақ жұмыстың құндылығы төмендетпейді, себебі, қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалған. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған:<br>1) ия; | Теориялық зерттеу нәтижесінде, соның ішінде ешкі сүтінен жасалған өнімдерге Қазақстан стандарттау және сертификаттау институтының нормативтік-техникалық қорында тек екі стандарт бары анықталған. Кейінгі жылдары (2014-2020) ешкі сүтінен жасалған өнімдерге стандарттар жасау жоспарланбағаны анықталған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған | Маңызды мәлімдемелер төменде көрсетілген нақты және сенімді әдебиеттерге сілтемелермен расталған:<br>1. Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары: 2016 жылдың 29 желтоқсаны, №1207 бекітілген<br>2. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы: 2010 жылдың 1 ақпаны, №922 бекітілген<br>3. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі бойынша тұжырымдама: 2013 жылдың 30 мамырда, №577 бекітілген<br>4. Қазақстан Республикасының Заңы. Стандарттау туралы: 2018 жылдың 5 қазанда, №183-VI ҚРЗ қабылданған |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті | Диссертациялық жұмыс жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 122. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) ия; | Теориялық зерттеуде елдегі басты даму бағдарламаларын ескере отырып, стандарттау саласының даму жоспарларын талдап, сүт өнімдерінің нормативтік базасындағы мәселені табу жоспарланған. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану | Жұмыстың практикалық маңыздылығы:<br>Ешкі сүтінен жасалған жаңа құрма қосылған йогурт өнімі микро және макро элементтер мен витаминдерге бай. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | мүмкіндігі жоғары:<br>1) ия; | Сонымен қатар, емдік-профилактикалық әсері мол және йогурттық өнімдердің ассортиментін толықтырады.<br>Ешкі йогурті жүкті және бала емізетін әйелдерге, балаларға, спортшыларға, сондай-ақ қарт адамдарға өте пайдалы. Ешкі йогурті остеопорозға және асқазан-ішек жолдарының қабыну ауруларын емдеуге, көру қабілеті төмендегенде, анемияда тұтынуға болады. Қантсыз ешкі йогурті жас балаларды жасанды тамақтандыруға өте қолайлы, әсіресе диатез болса.<br>Осы жаңа өнім мен оған жасалған стандарт Қазақстан Республикасы бойынша ешкі сүті және ешкі сүті өнімдерін өндіретін басқа да кәсіпорындарға қолдануына мүмкіндік береді. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа; | Зерттеу нәтижесінде прктикалық ұсыныстар келтірілген:<br>1. Қазақстан Республикасының нормативтік-техникалық құжаттар қорындағы стандарттарды ашық пайдалануға мүмкіндік беру.<br>2. Өндіріске жаңа сүт өнімдерінің түрлерін енгізе отырып өнім көлемінің ассортиментін кеңейту.<br>3. Шағындарды барынша азайта отырып өнімнің өзіндік құнын төмендету |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары; | Диссертация авторының еңбегінде аталған еңбекке ұқсас сипатта жазылған басқа автордың еңбектерін сілтемесіз пайдалану жағдайлары байқалмайды. Диссертация жазу барысында академиялық адалдық сақталған. |

Ресми рецензенттің шешімі – докторант Шадьярова Жазира Куспановна философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне өтініш беру.

**Ресми рецензент:**
т.ғ.к., «Технология және стандарттау»
кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
«Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ Есиркеп Г.Е.

Подпись заверяю
Отдел управления
персоналом